

## ШАРТ

<сәйкестендіру нөмірі>

**сатып алу туралы**

<тауардың атауы>

<тапсырыс беруші аймағы>

<шарт күні>

<тапсырыс берушінің толық атауы>, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <тапсырыс беруші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> атынан, бір жағынан және <жеткізушінің толық атауы>, <лицензия, рұқсат құжаты> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің резиденттік белгісі> болып табылатын, бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізуші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> атынан, екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылдың 27 тамыздағы №192 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 17-тармағының 2) тармақшасына және 134-тармағына сәйкес <хаттама бекітілген күн> баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен <тауардың атауы> сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес мына төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасады.

### 1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші сатып алу порталында баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен \_\_\_\_\_ <тауардың атауы> (бұдан әрі - Тауар) сатып алуды өткізетіндігі туралы хабарландыру орналастырды және Жеткізушіден <ҚҚС сомасын қоспағанда> \_\_\_\_\_ теңге \_\_\_ тиын (\_\_\_\_\_ теңге \_\_\_ тиын) мөлшеріндегі сомаға баға ұсынысын қабылдады.

1.2. Тапсырыс беруші тапсырады және ақы төлейді, ал Жеткізуші Техникалық ерекше нұсқамада көрсетілген Тауардың бірлік бағасына, атауына, санына, жиынтығына сәйкес, Шартта көзделген мерзімде және талаптарда Тауарды жеткізуге өзіне міндеттеме қабылдайды.

1.3. Шарт негізінде қандай да бір зияткерлік меншік құқықтарын (патенттер, шешімдер, ноу-хау және авторлық құқықпен қорғалатын өзге де әзірлемелер) беру жүргізілмейді.

1.4. Төменде көрсетілген құжаттар мен оларда көрсетілген шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

- Шарт;
- сатып алынатын тауарлардың (жұмыстардың/көрсетілетін қызметтердің) тізбесі (Шартқа №1 қосымша);
- техникалық ерекше нұсқама (Шартқа № 2 қосымша).

### 2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың жалпы сомасы <ҚҚС қоса есептегенде> \_\_\_\_\_ теңге \_\_\_ тиынды (\_\_\_ теңге \_\_\_ тиын) (бұдан әрі - Шарттың Жалпы сомасы) құрайды, осы сомаға \_\_\_\_\_ теңге \_\_\_ тиын (\_\_\_ теңге \_\_\_ тиын) мөлшеріндегі Тауар құны, <және \_\_\_\_\_ теңге \_\_\_ тиын (\_\_\_\_\_ теңге \_\_\_ тиын) мөлшеріндегі ҚҚС сомасы (егер Жеткізуші ҚР резиденті және ҚҚС төлеушісі болса)> кіреді.

Шарттың Жалпы сомасына сақтандыруды, салықтарды, баждарды және басқа да төлемдерді төлеуді қоса алғанда, Жеткізушінің Тауар жеткізуге байланысты барлық шығындары кіреді.

Шарттың Жалпы сомасы Тауардың бірлігіне бағаны өзгертпестен сатып алынған тауарлардың нақты санына байланысты азаюы мүмкін. Осыған байланысты Тараптарға Шартқа қосымша келісім бекіту талап етілмейді.

Жеткізілген Тауардың нақты саны Тауарды қабылдау-өткізу актісінде (бұдан әрі - Акт) көрсетіледі.

2.2. Шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші келесі тәртіпте Жеткізушінің банктік шотына ақша аудару арқылы жүргізеді:

Жеткізуші Тапсырыс берушіге «Электрондық шот-фактуралар» мемлекеттік ақпараттық жүйесінің (бұдан әрі - ЭШФ АЖ) web- қосымшасы/порталы арқылы ұсыну арқылы тиісінше ресімделген шот-фактураны (инвойсты) және қорларды басқа жаққа жіберуге арналған жүкқұжатты (электрондық түрде) ұсынған жағдайда, Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге (электрондық түрде және (немесе) қағаз нұсқада) қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тауарды толық көлемде жеткізу фактісі бойынша Шарттың жалпы сомасының 100% (жүз пайызы) мөлшерінде.

2.3. Барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқада міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан Республикасының салықтарға, баждарға және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бюджетке төленетін басқа да осы сияқты төлемдерге қатысты заңнамасы өзгертілген жағдайда, Тараптар қосымша келісімге қол қою арқылы Шартқа тиісті өзгертулер енгізуге міндеттенеді.

2.4. Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлемдерді Шарт бойынша төлем жүргізілген күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша \_\_\_\_\_ (валюта түрі) жүргізеді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.5. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасына Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзіне табыс салығы салынуы тиіс (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.6. Шарттың 2.9-тармағында көрсетілген құжаттарды қоспағанда, факсимильдік байланыспен алынған құжаттардың, корпоративтік электрондық почта арқылы және (немесе) өзге де тәсілмен алынған құжаттардың сканерленген көшірмесінің заңды күші болады және оларды кейіннен түпнұсқаға ауыстыра отырып, Тапсырыс беруші келесі 5 (бес) жұмыс күні ішінде қабылдайды (егер Жеткізуші Алматы қаласынан тыс жерде болған жағдайда қолданылады) (егер Жеткізуші басқа елдің резиденті болған жағдайда, 2.9-тармақ қолданылады).

2.7. Егер Жеткізуші Қазақстан Республикасы халықаралық шарт жасаған елдің резиденті болып табылса, Тапсырыс беруші тиісті халықаралық шартта көзделген Шарт бойынша соманы төлеу кезінде салық салудан босатуды немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін дербес қолдануға құқылы (осы тармақ Жеткізуші басқа елдің резиденті болған жағдайда қолданылады).

2.8. Халықаралық шарттың ережелерін қолдану тәртібі Жеткізушінің Қазақстан Республикасындағы көздерден алатын табыстарына қатысты қолданылады (осы тармақ Жеткізуші басқа елдің резиденті болған жағдайда қолданылады).

2.9. Халықаралық шартты салық салудан босату немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін пайдалану бөлігінде қолдануға Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарт бойынша соманы төлеу күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарына сәйкес келетін резиденттігін растайтын құжатты және бейрезидент заңды тұлғаның құрылтайшыларын (қатысушыларын) және мажоритарлық акционерлерін көрсете отырып, құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін не сауда тізілімінен (бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген акционерлердің тізілімінен немесе өзге де ұқсас құжаттан) үзінді көшірмені табыс еткен жағдайда ғана рұқсат етіледі.

Егер қандай да бір себептермен Тапсырыс берушінің салық органы Жеткізуші ұсынған резиденттікті растайтын кейінгі салық міндеттемелерінің туындауына әкелуі мүмкін құжатты қабылдамаған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушімен бірге резиденттікті растайтын құжаттың дұрыс ресімделген нұсқасын ұсынуды қоса алғанда, осы мәселені шешу үшін бар күшін салады.

Егер Жеткізуші қандай да бір себептермен Жеткізушінің резиденттігін растайтын құжаттың дұрыс ресімделген нұсқасын ұсынбаса, туындаған салық міндеттемелері Жеткізушінің салық міндеттемелері болып табылады, оларды Жеткізуші өсімпұлды ескере отырып, толық көлемде орындауы (Тапсырыс берушіге өтеуі) тиіс, Тапсырыс беруші елінің салық органы салық кезеңінен кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей Жеткізушінің резиденттігін растайтын құжаттың Тапсырыс беруші елдің салық заңнамасының талаптарына сәйкес келмеуі анықталды (егер Жеткізуші басқа елдің резиденті болса, осы тармақ мынадай жағдайларда қолданылады).

2.10. Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрылған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Жеткізушінің Қазақстан Республикасының салық органында салық төлеуші ретінде тіркелгенін растайтын құжатты ұсынады. Мұндай жағдайда Тапсырыс берушінің салық салудан босату немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін пайдалану бөлігінде халықаралық шарттың нормаларын қолдануға құқығы жоқ (Жеткізуші басқа елдің резиденті болған жағдайда қолданылады).

2.11. Жеткізуші өзінің Шарт шеңберінде алынатын кірістің (-тердің) түпкілікті (нақты) алушысы (иесі) екенін растайды және осы кіріске (-терге) иелік етуге, пайдалануға, билік етуге құқығы бар, сондай-ақ осы мақсаттар үшін Тапсырыс берушіні өзінің делдал емес екеніне сендіреді (Жеткізуші басқа елдің резиденті болған жағдайда қолданылады).

2.12. Жеткізуші тиістіше ресімдемеген қажетті төлем құжаттарын уақтылы ұсынбауы не ұсынуы Тапсырыс берушіні уақтылы төлемегені үшін жауапкершіліктен босатады.

### **3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ**

#### **3.1. Тапсырыс беруші:**

- 1) Жеткізушіге Тауардың жеткізу барысын, Жеткізуші жеткізетін Тауардың саны мен сапасын бақылайтын уәкілетті жауапты тұлғалар туралы хабарлауға;
- 2) Шарттың талаптарына сәйкес Жеткізуші жеткізген Тауарларды Акт негізінде қабылдауға;
- 3) Шарттың талаптарына сәйкес Шарт бойынша төлемді жүзеге асыруға **міндеттенеді**.

### 3.2. Тапсырыс беруші:

- 1) Тауарды қабылдау-өткізу процесінде Тауардың сапасына және санына оның техникалық ерекше нұсқамаға сәйкестігін растау үшін тексеруді жүзеге асыруға;
- 2) Жеткізуші жеткізетін Тауардың жеткізу барысын, Тауардың саны мен сапасын бақылайтын уәкілетті жауапты тұлғаларды тағайындауға;
- 3) Тауарды қабылдау-беру (жүктеу) процесінде және (немесе) тауардың қолданылу мерзімі ішінде ескертулер, сәйкессіздіктер (кемшіліктер, кемшіліктер, қателіктер, ақаулар, ақаулар) және (немесе) өзге де кемшіліктер, оның ішінде Тауарды орнату (белсендіру) мүмкін болмаған және (немесе) берілген Тауарда алынған негізгі файлдардың немесе сериялық нөмірлердің жұмысқа қабілетсіз болуы (бұдан әрі - ақаулар) анықталған (белгілі болған) жағдайда - осындай Тауарды бағасы мен тиісті сапасы жағынан ұқсас (не сапалық сипаттамалары жақсартылған) жаңасына ауыстыруды немесе Шартта белгіленген мерзімде ақауларды жоюды талап етуге не Жеткізушіге дәлелді жазбаша бас тартуды жолдай отырып, Тауарды қабылдаудан және оған ақы төлеуден бас тартуға;
- 4) Шарттың 3.3-тармағының 7) тармақшасына сәйкес Жеткізушіден хабарлама алғаннан кейін жағдайды бағалауға және өз ұйғарымы бойынша, Жеткізушінің кінәсінен туындамаған объективті себептер болғанда Шарт бойынша міндеттемелерін орындау мерзімін ұзартуға;
- 5) Шарттың осы тармағының 4) тармақшасында көзделген жағдайда Жеткізушіден растау құжаттарын талап етуге;
- 6) Шартты кез келген кезеңде Шартта көзделген жағдайларда және тәртіпте біржақты тәртіппен бұзуға **құқылы**.
- 7) Тауарды электрондық түрде алу (Тауарды жүктеу) үшін жауапты тұлғаны анықтауға, оның ішінде URL-адресі (Uniform Resource Locator — ресурстың біріздендірілген көрсеткіші) - Тауардың құқық иеленушісіне және (немесе) Өндіруші интернет-ресурсының/web-сайтының/порталының бірегей электрондық адресіне тікелей сілтеме (бұдан әрі - Сілтеме);
- 8) Жеткізушіден Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімдерде тиісті сападағы және Техникалық ерекше нұсқама талаптарына сәйкес келетін Тауарды жеткізуді талап етуге (Шартқа №2 қосымша);
- 9) Тауарды қабылдау-беру процесінде Тауардың жұмыс қабілеттілігін, оны орнату (белсендіру) мүмкіндігінің Техникалық ерекше нұсқамада көзделген талаптарға сәйкестігін тексеруді жүзеге асыруға (Шартқа №2 қосымша);
- 10) Жеткізушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған, оның ішінде Тауарда оны қабылдау-беру (жүктеу) процесінде анықталған ақауларды жою жөніндегі міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда, Жеткізушіден Шарттың 6.4-тармағына сәйкес тұрақсыздық айыбын өндіріп алуға және (немесе) Шартты бұзуға құқылы.

### 3.3. Жеткізуші:

- 1) Техникалық ерекше нұсқамаға сәйкес, Шартта көзделген санда, мерзімде және талаптарға сәйкес тиісті сападағы Тауарды жеткізуге;
- 2) Тараптар Актіге қол қойғанға дейін Тауардың жойылу, бүліну немесе кездейсоқ бұзылу

тәуекелін көтеруге;

3) Тапсырыс беруші Тауарды жеткізу, қабылдау-беру процесінде немесе Тауардың қолданылу мерзімі ішінде ақауларды анықтаған жағдайда -Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап 24 (жиырма төрт) сағат ішінде оларды өз есебінен жоюға;

4) кепілгердің (Жеткізуші) міндеттемесін орындамағаны үшін өзінің жауапкершілігі туралы жазбаша хабарламаны беру арқылы Тараптардың уәкілетті тұлғаларының Актіге қол қою күнінен бастап 0 айдың ішінде Тауардың сапасына кепілдік беруге;

5) Шарттың әрекет ету мерзіміне қарамастан Тапсырыс берушіден алынған конфиденциалды ақпаратты жарияламауға және оны құпия сақтауға;

6) Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе оны тиісті түрде орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

7) егер Шартты орындау кезеңінде Жеткізуші кез келген кезде Шартты уақытында орындауға кедергі келтіретін жағдайдарға тап болса, Жеткізуші Тапсырыс берушіге кешіктіру фактісі, оның болжанатын ұзақтығы мен себебі (себептері) туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуге тиіс;

8) Шарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен және де ішінара басқа біреуге бермеуге;

9) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағанда немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға **міндеттенеді**.

10) Жеткізілетін Тауардың Шарт талаптарына сәйкестігін, оны жеткізу және Тапсырыс берушіге Акті бойынша беру барысын бақылауды жүзеге асыруға өкілетті жауапты тұлғаларды тағайындауға;

11) Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан - Тапсырыс берушіден алынған не Шарт бойынша міндеттемелерді орындау процесінде белгілі болған конфиденциалды, коммерциялық және өзге де ақпаратты жария етпеуге және құпияда сақтауға;

12) Қазақстан Республикасы заңнамасының және Тапсырыс берушінің ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтауға;

13) Тауарға құқықтар қайта ұйымдастырылған, таратылған не жоғалған жағдайларда - бұл туралы Тапсырыс берушіні тиісті шешім/хабарлама қабылданған/алынған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей хабардар етуге;

14) Техникалық ерекше нұсқамаға сәйкес Тапсырыс берушіге кепілдік беруге:

- Тауардың сапасы;

- Тауардың мерзімсіз қолданылу мерзімі (жеткізілген Тауар Тапсырыс берушіге мерзімсіз пайдалануға беріледі);

- Тапсырыс берушінің дербес есептік жазбасында Өндірушінің және (немесе) БҚ құқық иеленушісінің интернет-ресурсында/web-сайтында/порталында Жеткізілген тауар туралы толық мәліметтерді (атауы, нөмірлері, жеткізу/орнату/белсендіру күні, қолданылу мерзімі (мерзімсіз) және т.б.) көрсетуге;

- Тауардың қолданылу мерзімі ішінде БҚ қолдайтын бағдарламалардың/сервистердің нұсқаларында/қосалқы нұсқаларында жазылымдарды/жаңартуларды техникалық қолдауға

және ұзартуға қолжетімділікті қамтамасыз етуге;

15) Шарт бойынша міндеттемелерді орындамауға және (немесе) тиісінше орындамауға байланысты шығыстарды өз бетінше көтеруге.

### **3.4. Жеткізуші:**

- 1) Шарттың талаптарына сәйкес жеткізілген Тауар үшін төлем алуға;
- 2) Тауар бірлігінің бағасын өзгертпей жақсартылған сапалық сипаттамалары бар Тауарды жеткізуге **құқылы**.

## **4. ТАУАРДЫ ЖЕТКІЗУ МЕРЗІМІ, ОРНЫ, ТАЛАПТАРЫ ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАУ-ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ**

4.1. Тауарды толық көлемде жеткізу мерзімі/күні Шарт күшіне енген күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде.

Тауарды жеткізу фактісі жеткізілген Тауар туралы мәліметтерді Тапсырыс берушінің дербес есептік жазбасында Өндірушінің және (немесе) БҚ Құқық иеленушісінің интернет-ресурсында/web-сайтында/порталында көрсету болып табылады.

4.2. Тауарды жеткізу орны: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Сәтбаев к-сі, 30/8, 163-тұрғын емес үй-жай немесе Тапсырыс берушінің заңды және (немесе) нақты орналасқан жері өзгерген жағдайда, өзге де мекенжайлар.

4.3. Жеткізілген Тауар Техникалық ерекше нұсқамада көрсетілген барлық параметрлер мен сипаттамаларға сәйкес келуі тиіс (Шартқа № 2 қосымша).

4.4. Тауарды қабылдау-тапсыру процесінде Тапсырыс берушінің жауапты тұлғалары Жеткізушімен бірлесіп тауардың шарт талаптарына, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады және ақаулар болмаған жағдайда Тараптар Актіге Тапсырыс беруші Актіні алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қол қояды.

4.5. Жеткізілетін Тауар Техникалық ерекше нұсқама талаптарына сәйкес келмеген және (немесе) оны қабылдау-беру/орнату/белсендіру процесінде Тауарда ақаулар анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші ақаулары бар жеткізілген Тауарды қабылдаудан бас тартуға құқылы. Мұндай жағдайда Тапсырыс беруші Шарттың 6-бөлімінде көзделген тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) Жеткізушіден өндіріп алу үшін негіз болып табылатын анықталған ақауларды Актіде көрсетеді және оны Жеткізушіге анықталған ақаулар туралы тиісті дәлелді жазбаша хабарламамен жібереді.

4.6. Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған Актіде көрсетілген күн Тауарды жеткізу күні болып есептеледі.

## **5. КЕПІЛДІКТЕР**

5.1. Жеткізуші Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге қол қойған күннен бастап 0 айдың ішінде Тапсырыс берушінің ұсынған нысаны бойынша кепілгердің міндеттерін орындамағаны үшін өзінің жауапкершілігі туралы жазбаша хабарламаны ұсыну арқылы Тауардың сапасына кепілдік беруге міндеттенеді.

5.2. Жеткізуші Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге қол қойған күннен бастап 0 ай ішінде Тапсырыс берушіге Тапсырыс беруші ұсынған нысан бойынша кепілгердің міндеттемелерін орындамағаны үшін өзінің жауапкершілігі туралы жазбаша хабарлама беру арқылы тауардың сапасына кепілдік беруге міндеттенеді.

5.3. Ауыстырылған Тауардың немесе ақаулары жойылған Тауардың кепілдік мерзімі ақаулар жойылған немесе ақаулы Тауарды ауыстыру жүзеге асырылған мерзімге ұзартылады.

5.4. Жеткізуші Шартта белгіленген мерзімде ақауы бар Тауардың ақауын жоя алмаған немесе жаңа, бағасы бойынша ұқсас және сапасы жақсы (не жақсартылған сапалық сипаттамалары бар) Тауарға ауыстыра алмаған/ауыстырудан бас тартқан жағдайда Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

5.5. Жеткізуші Шартта белгіленген мерзімде ақауларды жою мүмкін болмаған/бас тартқан жағдайда Тапсырыс беруші Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші шарттың 6-бөлімінде көзделген жауаптылықта болады.

## **6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

6.2. Төтенше жағдайларды қоспағанда, Жеткізуші Шартта көзделген міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші өзінің басқа құқықтарына нұқсан келтірместен Шарт аясында Жеткізушіден тұрақсыздық айыбын өндіріп алады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіге мынаны:

1) Шарттың 4.1-тармағында көзделген мерзім бұзылған жағдайда - Тауарды жеткізу күнін қоса алғанда, әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасынан 0,1 % (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 10 % (он пайыздан) аспайтын мөлшерде өсімпұл;

2) ақауы бар Тауарды ауыстыру немесе Тауардағы ақауды жою мерзімін бұзған жағдайда - кешіктірілген әрбір толық сағаты үшін Шарттың жалпы сомасынан 0,1 % (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 10 % (он пайыздан) аспайтын мөлшерде өсімпұл;

3) Шарттың 3.3-тармағының 13) тармақшасында көзделген мерзім бұзылған жағдайда - тиісті ақпарат берілген күнді қоса алғанда, әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайызы) мөлшерінде өсімпұл, бірақ Шарттың жалпы сомасының 5% (бес пайызынан) аспайды.

6.3. Егерде ақауларды жою және (немесе) ақауы бар Тауарды жаңасына, бағасы және тиісті сапасы бойынша ұқсасына (не жақсартылған сапалық сипаттамалары бар) Тауарға ауыстыру мүмкін болмаған/бас тартқан жағдайда:

- Жеткізуші Тауарды қабылдау-өткізу барысында - ақауы бар Тауар құнынан 10% (он пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді;

- Тауардың қолданылу мерзімі ішінде - Жеткізуші ақаулы Тауар құнының 10 % (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді және Тапсырыс берушіге ақаулы Тауардың құнын қайтарады.

6.4. Шарт бойынша төлем мерзімін бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлем

күнін қоса алғанда, кешіктірген әр жұмыс күні үшін төлеуге тиіс сомадан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасынан 5% (бес пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.5. Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы не тиісінше орындамауы салдарынан Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 10 % (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді.

6.6. Тапсырыс беруші және (немесе) Жеткізуші және (немесе) Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін тартылған тұлғалар (Жеткізуші қызметкерлері) Шарттың 3.3-тармағының 11), 12) тармақшаларында және Шарттың 7-бөлімінде көзделген талаптарды бұзған жағдайда, Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезеңінде белгілі болған конфиденциалды, коммерциялық және (немесе) өзге ақпаратты жария еткен Тарап екінші Тарапқа Шарттың жалпы сомасының 10 % (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді.

Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін Жеткізуші тартқан Жеткізуші және (немесе) оның қызметкерлері Тапсырыс берушіден алынған және (немесе) Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезеңінде Жеткізушіге белгілі болған конфиденциалды, коммерциялық және (немесе) өзге ақпаратты жария еткен жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіден залалдың орнын толтыруды талап етуге құқылы.

6.7. Жеткізуші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші төлем жасаған кезде Жеткізушінің келісімінсіз тұрақсыздық айыбы (өсімпұл, айыппұл) сомасын дербес түрде ұстап қалуға құқылы.

6.8. Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.9. Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу мерзімі Тапсырыс берушіден тиісті хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

6.10. Тапсырыс беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, ол Жеткізушіге жоғалған пайданы өтемейді және Жеткізуші келтірген нақты залал үшін ғана жауапты болады.

6.11. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде Тараптар сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама, іскерлік әдеп және парасаттылық нормаларын, адал бәсекелестік қағидаттарын сақтауға міндеттенеді.

6.12. Осы Шарт сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар нәтижесінде жасалған жағдайда, уәкілетті мемлекеттік органдардың, мүдделі тұлғалардың немесе прокурордың талап қоюы бойынша сот Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен жарамсыз деп таниды.

## **7. КОНФИДЕНЦИАЛДЫЛЫҚ**

7.1. Тараптар тұтастай алғанда Шарт талаптарын және ұсынатын Тарап конфиденциалды ретінде (оның ішінде Тапсырыс беруші немесе оның атынан басқа тұлғалар ұсынған ақпарат) белгілеген барлық ақпаратты басқа Тарап аталған ақпаратты ұсынған Тараптың жазбаша рұқсатынсыз ешқандай үшінші тарапқа жария етпейтінін мойындайды, оған мына:

1) Жеткізуші Шартты орындау үшін тартқан қызметкерлерге ұсыну. Көрсетілген ақпарат осы қызметкерлерге конфиденциалды және бұл шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажет көлемде ғана берілуге тиіс;

2) егер мұндай жария ету заңнамада ұйғарылатын немесе оған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұратуы негізінде жүзеге асырылатын жағдайлар қосылмайды.

7.2. Жеткізуші Шартты іске асыру мақсаттарынан басқа, жоғарыда аталған қандайда бір құжаттарды немесе ақпаратты Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз пайдаланбайды.

7.3. Конфиденциалды ақпарат жария етілген жағдайда Тараптар Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

## **8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ (ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ)**

8.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін, егер ол Тараптар күні бұрын болжай алмаған және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен дүлей күштің: су тасқыны, жер сілкінісі және басқа табиғат апаттар, экологиялық апаттар, әскери іс-әрекеттер, террорлық актілер, азамат соғысы, халық толқулары, шектеу шаралары жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер басталуы, Тараптар болжай алмайтын және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер ететін Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің қабылдануы салдарынан болса, онда Тараптар жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күштің әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдайлардың болуы кезеңіне ұзартылады.

8.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі жоқ Тарап, басқа Тарапқа Шарттың 8.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың себептерін көрсете отырып, олардың басталғаны және тоқтағаны туралы жазбаша түрде дереу хабарлайды, сондай-ақ ол тиісті уәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады. Жалпыға мәлім фактілер, дәлелді талап етпейді. Бұл ретте Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы, осыдан кейін бірде-бір Тарап басқа Тараптан қандай да бір шығынды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

8.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулар келіп түспесе, Жеткізуші Шарт бойынша міндеттемелерін орындауды ол қаншалықты орынды екеніне қарай жалғастырады және Шартты орындаудың көрсетілген міндеттемелерге қатысты емес балама тәсілдерін іздестіреді.

## **9. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ**

9.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды соттан тыс тәртіпте реттеу үшін барлық қажетті шаралар қабылдауға тиіс.

9.2. Тараптар келісімге келмеген жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде қаралады.

9.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және даулар туындаған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының соттарында қаралатын болады.

## **10. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ**

10.1. Орналасқан орны және/немесе деректемелері өзгерген жағдайда, Тарап басқа Тарапқа тиісті шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарлайды.

10.2. Шарттың 2.1-тармағының үшінші бөлігінде және 10.1-тармағында көзделген өзгерістерді қоспағанда, Шартқа барлық өзгерістер қосымша келісіммен ресімделіп, оған Тараптар қол қояды.

10.3. Тапсырыс беруші мына:

1) Тапсырыс беруші Қағидалардың 14-тармағына сәйкес сатып алудан бас тартқан;

2) Жеткізуші ұсынған мәліметтерден дәйексіз ақпарат анықталған;

3) сатып алу қорытындысына әсер еткен сатып алу Қағидаларың және (немесе) талаптарын бұзу анықталған;

4) Тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) Жеткізушіге Қағидаларда көзделмеген жәрдем көрсеткен;

5) егер Жеткізуші банкрот немесе төлемге қабілетсіз болған, сондай-ақ тиісті сот процесіне тартылған жағдайда, Шартты кез келген сатыда біржақты тәртіпте бұзуға құқылы. Мұндай жағдайда бұзу дереу жүзеге асырылады және Тапсырыс беруші Жеткізушіге қатысты ешқандай қаржылық жауапкершілік атқармайды;

6) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Шартты кез келген сатыда біржақты тәртіпте бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес көтереді жауапты болады;

7) Шартты одан әрі орындау мақсатқа лайықты болмаған жағдайда, кез келген сатыда біржақты тәртіпте Шартты бұзуға құқылы.

10.4. Шарт біржақты тәртіпте бұзылған жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шартты болжанатын бұзу күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Шарттың бұзылуы туралы жазбаша хабарлама жібереді, осы мерзім өткеннен кейін Шарт бұзылды деп саналады. Хабарламада Шартты бұзу себебі, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуге тиіс.

## **11. ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУ ТАЛАБЫ**

11.1. Шарт Тараптар Шартқа қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар ол бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

## **12. ШАРТ ТІЛІ**

12.1. Шарт заңды күші бірдей мемлекеттік және орыс тілдерінде электрондық нысанда жасалды.

## **13. ӨЗГЕ ТАЛАПТАР**

13.1. Шартқа қосымша (қосымшалар) Шарттың ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылады.

13.2. Тараптардың біреуі қайта ұйымдастырылған жағдайда, Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері тоқтатылмайды және Тараптардың құқықтық мирасқорларына өтеді.

#### 14. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ОРНЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

##### Тапсырыс беруші:

<Тапсырыс берушінің толық атауы>  
<Тапсырыс беруші орналасқан орынның заңды мекенжайы>  
<Тапсырыс беруші орналасқан орынның нақты мекенжайы>  
<Тапсырыс берушінің ЖСК>  
<банк атауы>  
<Тапсырыс берушінің БСН>  
<Тапсырыс берушінің БСК>  
<Тапсырыс берушінің БЕК>  
**Тапсырыс беруші атынан**  
\_\_\_\_\_ <қол қоюшының аты-жөні>  
М.О.(қолы)

##### Жеткізуші:

<Жеткізушінің толық атауы>  
<Жеткізуші орналасқан орынның заңды мекенжайы>  
<Жеткізуші орналасқан орынның нақты мекенжайы>  
<Жеткізушінің ЖСК>  
<банк атауы>  
<Жеткізушінің БСН>  
<Жеткізушінің БСК>  
<Жеткізушінің БЕК>  
**Жеткізуші атынан**  
\_\_\_\_\_ <қол қоюшының аты-жөні>  
М.О. (қолы)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК - банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН - төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС - қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. - аты-жөні.

# ДОГОВОР

<идентификационный номер>

## о закупках

<наименование товара>

<регион заказчика>

<дата договора>

<полное наименование заказчика>, именуемое (-ый, -ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице <должность и ФИО подписанта заказчика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с одной стороны, и <полное наименование поставщика>, являющееся (-ийся) <признак резидентства поставщика>, действующее (-ий) на основании <лицензия, разрешительный документ>, именуемое (-ый) в дальнейшем «Поставщик», в лице <должность и ФИО подписанта поставщика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», в соответствии с подпунктом 2) пункта 17 и пунктом 134 Правил приобретения товаров, работ и услуг Национальным Банком Республики Казахстан, его ведомствами, организациями, входящими в его структуру, и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат Национальному Банку Республики Казахстан или находятся в его доверительном управлении, уполномоченным органом по регулированию, контролю и надзору финансового рынка и финансовых организаций, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года №192 (далее - Правила), и протоколом об итогах закупок <наименование товара> способом запроса ценовых предложений <дата утверждения протокола>, заключили настоящий договор (далее - Договор) о нижеследующем.

### 1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

1.1. Заказчик на портале закупок \_\_\_\_\_ разместил объявление о проведении закупок <наименование товара> (далее - Товар) способом запроса ценовых предложений и принял ценовое предложение Поставщика на сумму \_\_\_\_\_ тенге \_\_\_ тиын ( \_\_\_\_\_ тенге \_\_\_ тиын), <без учета суммы НДС>.

